

Немістердің жан жадыратар жанры бар

Мейрамтай Иманғали

Кеше Өскемендегі «Үлбі» орталық мәдениет үйінде КИНОГерМАНИЯ атты неміс кинофестивалі салтанатты түрде ашылды. Оған облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ, Бавария Республикасының мемлекеттік министрі Эмилия Мюллер ханым қатысты.

Қазақстандағы Швейцария елшілігінің қолдауымен Германияның Астанадағы елшілігі, Германияның Алматыдағы бас консулдығы, Қазақстандағы Гете институтының ұйтқы болуымен ұйымдастырылған бұл фестивальдің үстіміздегі жылдың 21-мамырында Астана қаласынан бастау алғанын киносүйер қауым жақсы біледі деп ойлаймыз. Содан бері бұл фестиваль еліміздің ірі қалаларында жалғасып келеді. Міне, енді КИНОГерМАНИЯ неміс

кинофестивалі шырайлы Шығысқа да келіп жетті. Өскемендік көрермендер үшін кино әлемінің көкжиегі бір сәтте-ақ кеңейіп сала берді. Жалпы неміс киносы несімен мақтана алады? Деңгейі, шыққан биігі қандай? Алдағы бес күн бойы небір халықаралық, ұлттық байқаулардың жүлдесін еншілеген таңдаулы неміс фильмдерін тамашалайтын қауым енді бұл сауалға жауап бере алатын болады.

(Соңы 2-бетте)